

БЕКІТЕМІН

«Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК директоры

Ж. А. Қалмақова
«05» *05* ж.



АРНАЙЫ ПӘН ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

1. Жалпы ереже

1.1. Жұмыс бабында колледждің бөлім меңгерушісіне бағынады;

1.2. Арнайы пән оқытушысы тиісті заңға сәйкес колледж директорының бұйрығымен тағайындалады және жұмыстан босатылады;

1.3. Өз қызметінде арнайы пән оқытушысы мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

- педагогикалық этиканың негізгі нормалары;

- басқарудың инновациялық әдістері;

- колледждің жарғысы;

- колледж басшысының бұйрықтары;

- іс жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-құқықтық материалдар;

- осы лауазымдық нұсқаулық.

1.4. Арнайы пән оқытушысы төмендегі мәселелерді білуге міндетті:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

- педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері; жастық физиология, гигиена негіздерін;

- тәрбие жұмысы мен оқытылатын пәннің әдістемесін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын;

- оқу кабинетін жарақтау мен жабдықтау талаптарын;

- оқу құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндігі; педагогтік ғылымның дамуының негізгі бағыттарын.

- құжаттармен жұмыс, құжаттамаларды жинақтап құрастыру;

- есептеу мен ұйымдастыру техникаларын қолдана білу;

- еңбек мәдениеті және қызмет этикасы;

- ішкі еңбек тәртібін;

- мамандық бейіні бойынша негізгі технологиялық процестер мен жұмыс тәсілдері;

- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері.

1.5. Осы қызметтік нұсқауды басшылыққа алып, жұмыс жүргізеді

2. Біліктілікке қойылатын талаптар

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейіндер бойынша кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

Және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 2 жыл; педагог – сарапшы үшін – кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл; педагог-шебер үшін – 5 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

білім алушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлай және ұйымдастыра білуі тиіс; білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету; білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу; білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру; кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру; цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану; білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау; білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын меңгеру; тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау; аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау; аудан/қала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру; білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету; аудан, қала деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және

даму стратегиясын айқындау; облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтау (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін); облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін);

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаның болуы, немесе оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі әзірлеушілер мен сарапшылардың құрамына кіретін немесе Уорлд скилс (WorldSkills) республикалық және халықаралық чемпионаттарының сарапшысы (кәсіби шеберлік конкурсы) немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы болып табылады; ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету; тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау; республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болу немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау.

3. Лауазымдық міндеттері.

3.1. Оқу және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді.

3.2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәнді ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;

3.3. Жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі;

3.4. Білім алушылардың оқуын әдістемелік ғылыми деңгейде өткізеді, олардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және бақылайды.

3.5. Оқытудың неғұрлым тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланады;

3.6. Оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру

бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады,

3.7. Білім алушылардың сапалы білім, білік және дағды алуын қамтамасыз етеді;

3.8. Оқу процесін жетілдіру жөнінде ұсыныс жасайды.

3.9. Білім алушылардың жеке қабілеттерін, мүдделерін және бейімділіктерін зерделейді. Білім алушыларда кәсіптік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырады, алған білімдерді тәжірибелік қызметте қолдануға оларды дайындайды, бітірушілерді даярлаудың сапасын қамтамасыз етеді.

3.10. Сабақ беретін пәні бойынша ағымдағы және қорытынды бақылау жұмыстарына бағдарламаға сәйкес материалдар дайындайды /емтихан билеттерінің сұрақтары, тестілер, ситуациялық есептер т.б /

3.11. Білім алушылардың жіберген және қанағаттанарлықсыз баға алған тақырыптары бойынша қосымша сабақтар мен консультациялар өткізеді және қайта тапсыруын бақылауға алып, қамтамасыз етеді;

3.12. Өз пәні бойынша білім алушылардың үйірмеге және ғылыми-ізденіс жұмыстарына тартылуын қамтамасыз етеді;

3.13. Бөлімше бойынша педагогикалық кеңеске және бірлестік мәжілістеріне шығарылған мәселелер жөнінде материал дайындайды;

3.14. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

3.15. Жабдықты пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындайды;

3.16. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен міндетті құжаттар тізбесін жүргізеді.

3.17. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды.

4. Құқықтары.

4.1. Өзінің қызметіне қатысты Колледж басшылығы қабылдаған шешімдер жобаларымен танысуға;

4.2. Директордың орынбасарларының, бөлім меңгерушісінің, бірлестік жетекшісінің, топ жетекшілер секциясының тапсырысы бойынша мамандардан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға;

4.3. Өзінің лауазымдық құқықтарын және міндеттерін орындау процесінде байқалған кемшіліктер туралы өзінің күзіреті шегінде директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, топ жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне хабарлауға және оларды жою бойынша ұсыныстар енгізуге;

4.4. Колледж басшылығынан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында көмек көрсетілуді талап етуге құқылы.

5. Жауапкершілік.

5.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін-Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шекте жауапты.

5.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шекте жауапты.

5.3 Колледжде және емдеу мекемелерінде өз пәні бойынша сабақтардың уактылы өткізілуін ұйымдастыруға жауапты.

5.4. Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек және азаматтық заңнамасымен белгіленген шекте жауапты.

5.5. Сабақ өткізу үшін Колледж тарапынан берілген құрал-жабдықтарын максаты бойынша пайдалануға және сақтауға жауапты.

5.6. Жұмыстарды орындаудың жай-күйі туралы дұрыс ақпарат беруге міндетті.

5.7. Басшылықтың бұйрықтарын, өкімдері мен тапсырмаларын орындамау.

5.8. Еңбек тәртібін, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және гигиена ережелерін, ортке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе тиісінше орындамау.

5.9. Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары үшін жауапты.

Нұсқаулықпен таныстым, бір данасын алдым және жұмыс орнымда сақтаймын.

А.Б.	Базарзаманов А.
А.С.	Аманжол А.
А.Д.	Муссаева С.Б.
А.Ж.	Абдуллин А.Н.
А.К.	Салматова Т.Т.
А.Қ.	Байматова
А.Ғ.	Аманова Д.О.
А.Х.	Ирабаева А.С.
А.Т.	Жаханова А.Т.
А.Т.	Мамедбаева А.С.
А.Т.	Қулова Т.Р.
А.Т.	Баржақнилова А.Т.
А.Т.	Мумибаева А.Д.
А.Т.	Турсунбаева А.Ж.
А.Т.	Мурдабаева Г.И.
А.Т.	Мұраметов М.Б.
А.Т.	Мұраметов Т.А.

Мингашиеново с с (список)
Кзырбаева НО
Абдураманов И.С.
Тобраев Б.Б.
Алишанов А.И.
Александров А.Т.
Алиев И.Ф. И.Халиев
Алиев И.С.
Алиев Е.Т.
Алишанова А.Т.
Баймухамедов Т.Р.
Алишанова Г.Т.
Алишанов С.И.
Алишанов А.А.
Алишанова И.И.
Алишанов И.Б.
Алишанов И.Т.
Алишанов А.С.
Алишанов Г.П.
Алишанов Б.
Алишанов А.Т.
Алишанова А.Т.
Алишанов А.И.
Алишанов С.И.
Алишанов А.И.
Алишанова А.И.
Алишанов А.И.